ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ҚАНДЫАҒАШ ӨНЕРКӘСІПТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

Педагогикалық кеңесте қаралды
«01» 09 №1 Хаттама

«Бекітемін»
Қандыағаш өнеркәсіптік-экономикалық колледж директоры
________ Б.Байбулов
«01» 09 2020ж

# 2020-2021 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары

Қандыағаш – 2020 ж

**Қандыағаш өнеркәсіптік-экономикалық колледжінде**

**2019-2020 оқу жылында тәрбие жұмысы бойынша**

# САРАПТАМА

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру және жоспарлау Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Тіл туралы», «Жастар саясаты туралы» Заңдары, колледж Жарғысы және тәрбие жұмысы Тұжырымдамасы басшылыққа ала отырып жүзеге асырылады. Тәрбие ісі кешенді бағдарлама негізінде жүргізіледі. Онда тәрбие жұмысының негізгі бағыттары мен мақсаттары нақты қойылған.

Оқу жылының басында оқу-тәрбие жұмысы бойынша жылдық жоспар құрылып,бекітілді. Бекітілген жоспар бойынша жүргізілген тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша жүргізілді.

Колледжде студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін «Студенттік қатарға қабылдау», «Күзгі бал», «Жаңа Жыл», «Жас талант», «Мұғалімдер күні», «Халықаралық әйелдер күні», «Жеңіс күні», Тәуелсіздік күні, Наурыз, бүкіләлемдік денсаулық күні секілді атаулы мерекелер жоспарлы түрде өткізіліп отырды. Колледж студенттері мен «Жастар» ұйымы, «Жастар» ресурстық орталығы қоғамдық бірлестіктермен бірлесіп «Салауатты өмір салты», «Тілдер апталығы», «Біз нашақорлыққа қарсымыз!», «Қазақстан темекіге қарсы!» жастар акцияларын өткізуге, қаланы абаттандыруға, сенбілік жұмыстарын жүргізуге, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне көмек көрсету жұмыстарында және түрлі спорттық шараларға белсене ат салысты.

Колледжде жаөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Аудандық емхана қызметкерлерімен бірлесе отырып «Нашақорлық – ғасыр дерті», «Зиянды заттардан аулақ бол», «Ерте жүктіліктің алдын алу», «Жыныстық қатынас арқылы жұғатын жұқпалы аурулар!», «Туберкулезге жол жоқ!» «Тұмау және ЖРВИ», «Мезгілсіз уақытта көшеде жүру», «Суық қару пайдаланғанда кесілетін жаза түрлері» т.б.тақырыптарында кездесулер және дін өкілдерінің, құқық қорғау органдарының қатысуымен «Ішімдік, нашақорлық зиянды заттарды қолдану» , «Өзгенің мүлкін заңсыз тонау», «Мезгілсіз уақытта көшеде жүру», «Суық қару пайдаланғанда кесілетін жаза түрлері» және теолог мамандармен «Діни келісім – бірлік пен тұрақтылық кепілі», «Ислам дінінің бірдей болу мәселелері», «Діни экстримизм: кеше, бүгін, ертең» тақырыптарында дөңгелек үстел, кездесулер жүргізілді.

Тәрбие жұмысының тағы бір бағыты жастар арасындағы тәртіп бұзушылықтың алдын алу, қауіпсіз және жауапты тәртіпті қалыптастыру. Осы мақсатта құрылған құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінде себепсіз сабақтан қалуы, есепте тұрған студенттермен жұмыс барысы,қолайсыз отбасы балалары, ІІБ-де немесе колледжішілікесепте тұрған оқушыларға жеке папка арналып, күнделікті қадағалау жұмыстары жүргізіліп отырды. Бақылау дәптері арналып күнделікті сабаққа қатысымы, тәртібі қатаң бақыланды.

Әр апта сайын студенттердің сабаққа қатысым мониторингісі шығарылып, 2019-2020 оқу жылының қорытындысында колледж Жарғысына сәйкес киім үлгісін және тазалық сақтау, мониторингісі бойынша ең жоғары көрсеткішті №38, №40, №27, топтары көрсетті.

Колледжішілік, аудан көлемінде ұйымдастырылған қоғамдық жұмыстарға қатысуда барлық топтар мен колледждің студенттерінен құралған еріктілер құрамы белсенділік танытты.

Студенттердің сабақтан тыс уақытын тиімді өткізу мақсатында еркін және Грек Рим күресінен, үстел теннисі, шахмат, дойбы, кітапхана жанынан, «Денсаулық-зор байлық», «Салауатты – өмір салты», «Шебер қолдар», «Көркемөнерпаздар» үйірмесі ашылып, тәртіп бұзуға бейім студенттер үйірмеге, спорт секциясына қамтылды. Балалар және жасөспірімдер спорт мектебіне және колледжішілік үйірмеге қатысатын студенттер 64% құрайды.

Қандыағаш өнеркәсіптік-экономикалық колледжінде білім алушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру және кеңейту, саяси оқиғаларға деген қызығушылығын, қоғамдық белсенділігін арттырып, ашу және мәдени әдептілігін жоғарыға қою ұжым мен бірлесе жұмыс істеуге машықтандыруды алғышарттар ретінде негізге алады.

Барлық ұжымның тәрбие жұмыстарының міндеттеріне – жастардың саяси және экономикалық ой-өрісін қалыптастыру, қоғамдық ой мен мамандықтары бойынша терең білім беру, сондай-ақ, Республикада өмір сүріп жатқан Қазақ халқы мен өзге де халықтың үздік дәстүрлерін арттырып, қазақ тілін терең меңгеру мәселесін ұштау жатады.

Колледж ұжымы және студенттері түрлі аудандық, облыстық іс-шараларға (мәдени, спорттық) белсене қатысып, жоғарғы жетістікке жетіп жүр.

Жігіттер бойында нағыз қазақи қасиеттерін шыңдау, имандылыққа баулу және сахна мәдениетін қалыптастыру мақсатында және құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында колледжде «Жасөспірім және құқық бұзушылық» тақырыбында колледж инспекторымен кездесу, ұстаздар мерекесі қарсаңында «Ұстаз – ұлағатты есім», студенттер күніне орай «Қызықты өмір, студенттік өмір» тақырыбында кеш, рухани адамгершілік пен қоғамдағы қыз бала тірбиесін дамытуда «Жігіт сұлтаны - 2019», «Колледж аруы-2019» байқауы, «Күзгі бал», «Жас талант – 2019», топтар арасында КТА ойыны, «Ағзаға зиянды заттар» дәрігерлермен кездесу, тәуелсіздік күніне орай «Желбіре елімнің көк туы», 1 желтоқсан тұңғыш президент күніне орай «Елім деп соққан жүрегім» танымдық кеші, «Алтын микрофон байқауы», «Кім мықты» интеллектуалды ойыны, «Арулар-асыл жандар» тақырыбында қыз бала тәрбиесі мен өнегесі тақырыбында дәрігерлермен кездесу, 1 мамыр бірлік күніне орай «Татулығы жарасқан -Қазақстан» аудан көлеміндегі мерекелік іс-шарасы, «Айбын-әскери спорттық эстафеталық» сайысы, 1 наурыз «Алғыс айту күні» мерекесіне орай құттықтау кеші, «Халық өнері-асыл қазына» жергілікті шеберлермен кездесу, «Кім жүйрік» ата-аналар мен студенттер арасында танымдық сайыс, Кеңес әскерінің ауған жерінен шығарылғанына 31 жыл толуына орай «Ауғанның асуында от кешкендер» атты салтанатты кеш, наурыз мерекесіне арналған «Бәрі де ана, бір өзіңнен басталады» әдеби-сазды кеш, «Әдептілік-асыл қасиет» дөңгелек үстелі, «Қызым үйде, қылығы түзде» дөңгелек үстел, салауатты өмір салтын қалыптастыруда «Толағай» спорттық ойыны, «Шахмат» ойыны, «Кіші футбол» арасында ер балалар жарысы, т.б. қоғамдық мерекелік шаралар ұйымдастырылды.

**Жаңа 2020-2021 оқу жылына төмендегідей мақсат-міндеттер қойылды:**

- Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ІІБ-і қызметкерлерімен және дін өкілдерімен тақырыптық кездесулер ұйымдастыру жұмысын күшейту;

- Студенттердің бос уақытын тиімді өткізу үшін әр түрлі (спорттық, мәдени) шараларға қатысуын қамтамасыз ету;

- Ата-аналармен байланысты күшейтіп, «Ата-аналар комитетінің» жұмысын жандандыру;

- Есепте тұрған студенттерді жаз мезгілінде жұмыспен қамту мәселесін қарастыру;

- Оқу-тәрбие жұмысы барысын ұйымдастыруда жаңа инновациялық технологияларды қолдану.

## Тәрбиенің мақсаты мен міндеттері

**Мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамығантұлға тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оныңқазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын,психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсібиқалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерінжәне дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруына ықпал ету.
7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету,жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

## Тәрбие жұмысының басым бағыттары

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1.Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие** | **2. Рухани - адамгершілік** | **3. Ұлттық тәрбие** | 4. Отбасылық тәрбие | **5. Еңбек, экономикалық** және экологиялық тәрбие | 6.Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу | 7. Көпмәдениеттік және көркем эстетикалық тәрбие | **8.Дене тәрбиесі**, салауатты өмір салты |

**Бірінші бағыт – Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие**

**Мақсаты:**

Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):

Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға;

ҚР Конституциясы мен заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, әнұран, ту), құқықтық тәртіпке;

елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімге, халықтар достығына;

өз елінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы жетістіктеріне;

басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына;

өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тарихи өміріне;

құқықтық білімге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқына;

заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне;

әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтаныш сезімін және жауапкершілік таныту.

Іске асыру механизмдері

Сабақтар,оқу пәндері, сабақтан тыс іс-әрекеттер, қосымша білім беру. АРБ бағдарламасы аясында ерлік, намыс және абырой, Отанға адал қызмет ету тағылымдарын өткізу. Дебат және пікірталас клубтарын ұйымдастыру. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікке үндеген патриоттық форумдар, акциялар. Оқушылардың мемлекеттілік нышандарын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін білуге арналған байқаулар мен олимпиадалар. Қазақ халқының, Қазақстанда тұратын басқа да этностардың мәдени мұрасын, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын зерттеу бойынша өлкетану экспедициялары. Мемлекет, әдебиет, өнер, ғылым қайраткерлерімен, соғыс және еңбек ардагерлерімен, қоғам қайраткерлерімен, құқық қорғау, әділет органдары, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдары қызметкерлеріменкездесулер. Балалардың және жастардың бастамашыл жобаларын дамыту. Балалар және жастар қозғалысы қызметін; қоғамдық қорлармен бірлескен қызметті жандандыру; әңгімелер, дәрістер, семинарлар, тренингтер; саяхаттар; ақпараттық-құқықтық материалдар тарату; «сенім қызметтерін», «Мен және заң», «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз – қоғам мүддесіне деген опасыздыққа қарсымыз» акциясын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

| №<br>р/н | Іс-шаралар атауы | Орындау мерзімі | Жауапты маман | Жоспарланған нәтиже |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Ата Заң-Азат елдің Ар-намысы» | 28-Тамыз | Кітапханашы | Көрме ұйымдастыру |
| 2 | «Саналы ұрпақ, жарқын болашық» салтанатты жиын өткізу | 1-қыркүйек | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кураторлар | Топтарын анықтап, кабинеттерін көрсету,танысу |
| 3 | Білім күніне арналған тәрбие сағаттары | 1-қыркүйек | кураторлар | Танысу, ішке ережелермен |
| 4 | Жылдық тақырыптық тәрбие сағаттары | 5-қыркүйек | кураторлар | Тәрбие сағаттарын жылға жоспарлау |
| 5 | ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» тақырыбындағыЖолдауын студенттер арасында насихаттау жұмыстарын ұйымдастыру. | 16-Қыркүйек | кураторлар | Президент жолдауын студенттерге жеткізу |
| 6 | Кураторлармен, топ басшыларымен жұмыс жасау | Жыл бойы | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | |
| 7 | Отбасы күніне орай «Отбасым-бақыт мекенім» | 16-Қыркүйек | Колледж психологі | Суалнама алу |
| 8 | А.Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойына арналған әдеби-сазды кеш ұйымдастыру | Жыл бойы | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әдіскер, қазақ тілі әдебиеті пәні оқытушылары | А.Құнанбаевтың 45 қара сөзін студенттер арасында насихаттау |
| 9 | «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тәрбие сағаттарын өткізу және бейнефильм көрсету | 24-Қыркүйек | Кураторлар | Рухани жаңғыру бағдарламасын насихаттау |
| 10 | «Жасөспірім тәрбиесіндегі ата-ананың ролі» тақырыбында топтарда ата-аналар жиналысы | 11-Қыркүйек | кураторлар | ZOOM платформасында онлайн жиналыс өткізу |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 11 | Облыстық теологтармен кездесу | 25-қазан | Облыстық теолог мамандары, аудандық жастар ресурстық орталығы, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | Онлайн жиналыс өткізу |
| 12 | Құқықбұзушылықтың және экстремизм мен терроризмнің алдын-алу мақсатында Заң қызметкерлерімен кездесу, ардагерлер кеңесін қатыстыра отырып, кездесу ұйымдастыру | Жыл бойы | Кураторлар | Құқықбұзушылықтың және экстремизм мен терроризмнің алдын-алу |
| 13 | Студенттің киім үлгісін, сабаққа қатысымын, тәртібін қатаң бақылау | Жыл бойы | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кураторлар, өндірістік оқыту шеберлері | Рейтинг жасау |
| 14 | «Көше күтпеген жағдайларға толы» | Жыл бойы | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | Әңгімелеу, пікірталас |
| 15 | I курстар арасында «Жас талант-2020» байқауы | 23-желтоқсан | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кураторлар, жастар ұйымы | Жас таланттарды анықтау |
| 16 | Топтар арасында «Мизам шуақ» байқауын ұйымдастыру | 15-қазан | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кураторлар, жастар ұйымы | Көрме ұйымдастыру |
| 17 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, «Адал ұрпақ» эстафетасы | 22-қазан | Әлеуметтік педагог | Сыбайлас жемқорлық заңдарын насихаттау |
| 18 | Топтар арасында «Жайдарман» (пандемияға байланысты уақыты өзгеруі мүмкін) | 23-қараша | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кураторлар, жастар ұйымы, студенттер кеңесі | Талантты жастарды анықтау |
| 19 | 17 қараша студенттер күніне орай «Қызықты көңіл,студенттік өмір » | 17-қараша | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, жастар | Студент деген атты ардақтау |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | ұйымы, студенттер кеңесі | |
| 20 | «NIET» кездесу кеші (пандемияға байланысты уақыты өзгеруі мүмкін) | 26-қараша | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, жастар ұйымы, студенттер кеңесі | Ұлттық киімдерімізді дәріптеу |
| 21 | «Ер елі үшін туады...» 1 желтоқсан Тұңғыш Президент күніне арналған танымдық кеш | 30-қараша | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тарихшылар, АӘД жетекшісі | Тұңғыш Президент жолын насихаттау |
| 22 | «Тәуелсіздік-Мәңгілік елдің тұғыры» Тәуелсіздік күніне арналған әдеби-сазды кеш**(пандемияға байланысты уақыты өзгеруі мүмкін)** | 18-Желтоқсан | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, жастар ұйымы | Тәуелсіздік әндерін насихаттау |
| 23 | «Директор кубогі-2020» үстел теннисінен колледж біріншілігі | 26-Қаңтар | Дене шынықтыру пәні оқытушылары | Салауатты өмір салтын насихаттау |
| 24 | Ғұлама ойшыл Әбу Насыр Әл Фарабидің 1150 жылдығына орай танымдық сабақ ұйымдастыру | 10-ақпан | Кураторлар | Ғұлама өмірбаянын дәріптеу |
| 25 | Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылуына орай «Ауғанстан соғысының ызғары» ауған соғысы ардагерлерімен кездесу | 15-Ақпан | АӘД пәнінің оқытушысы | Кездесу өткізу, батырлыққа баулу |
| 26 | «Әз-Наурыз, жақсылықтың бастау» колледжішілік іс-шара (14 наурыз көрісі күні, бауырсақ патти, үздік наурыз көже байқауы) мерекесін атап өту | 16-Наурыз | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, колледж психологі, топ жетекшілері | Ұлттық мерекелерімізді насихаттау |
| 27 | 12 сәуір — Дүниежүзілік авиация және ғарышкерлер күні | 12-Сәуір | Ғылыми-жаратылыстану бірлестігі | Тоқтар Аубакиров-қазақтың тұңғыш ғарышкері |
| 28 | Ғарышқа сапар | 13-Сәуір | Ғылыми-жаратылыстану | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | бірлестігі | |
| 29 | 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі | 30-сәуір | Кітапханашы | Көрме ұйымдастыру |
| 30 | Көп ұлтты , тату елім-Қазақстан! | 5-мамыр | Кураторлар, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | |
| 31 | 9 мамыр Жеңіс күніне орай топтар арасында хор айту байқауы | 7-Мамыр | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, АӘД пәнінің оқытушысы, әлеуметтік педагог, топ жетекшілері,жастар ұйымы | Ұлы Отан соғысының батырларына арналған әндер байқауы |
| 32 | «Сайыпқыран сарбаздар» | 12-мамыр | АӘД пәнінің оқытушысы | Патриотизмге тәрбиелеу |
| 33 | «Елімнің ұланымын» | 18-мамыр | АӘД пәнінің оқытушысы | Әскери спорттық сайыс |
| 34 | Сыңғырла, соңғы қоңырау! | 25-маусым | тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | Еске аламын мектебімді-тәрбие сағаттары |

**Екінші бағыт – Рухани – адамгершілік тәрбие**

**Мақсаты:**

Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):

мораль мен этиканың көпшілік мақұлдаған нормаларына;

өзінің қасиетіне, арына және парызына;

ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына;

өзінің және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет ғұрпына;

діни құндылықтарға;

ой, сөз және іс бірлігіне;

өзінің мінез-құлқын жетілдіруге;

ар-ұжданымен орындалған қылықтарға;

түрлі мәдениет пен нанымның бірлігіне;

адамдарға риясыз қызмет етуіне;

өз ата-анасы, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім білдіру.

Іске асыру механизмдері

Оқу пәндері мазмұнына құндылықтарды кіріктіру арқылы оқытудың тәрбиелік әлеуетін күшейту; педагогикалық консилиумдар, ата-аналар институты; «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани тәрбие бағдарламасының метапәндік және тәрбиелік рөлін күшейту, рухани-адамгершілік тәрбие тұрғысынан қосымша білім беру жүйесінің мүмкіндіктерін кеңейту арқылы жүзеге асырылады.

| № р/н | Іс-шаралар атауы | Орындау мерзімі | Жауапты | Жоспарланған нәтиже |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Жақсы әдет-жанға дауа» | 4-қыркүйек | Кітапханашы | Мақал-мәтел сайысы |
| 2 | «Халықтың картын сыйлауы – елінің салтын сыйлауы» | 1-қазан | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,әлеуметтік педагог, жастар ұйымы, | Қарттар үйлеріне барып құттықтаулар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | студенттік кеңес мүшелері | |
| 3 | Дін және біз | Жыл бойы | Кураторлар | Дін туралы заңды жеткізу |
| 4 | «Жүрек жылуы» қарттарға, аз қамтылған отбасыларына көмек көрсету, қайырымдылық жасау | 5-қазан | Әлеуметтік педагог | Жалғызбасты қарттарға барып көмек беру |
| 5 | Жат ағымдарға жол жоқ | 11-желтоқсан | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | Аудандық дін орталығымен жұмыс |
| 6 | «Өмірдің мәні неде?» | 14-желтоқсан | Психолог | Сауалнама |
| 7 | Діни экстремизм мен терроризм | 29-қаңтар | Кураторлар ,тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | Аудандық дін орталығымен жұмыс |
| 8 | «Тәрбие - тал бесіктен» | 17-Сәуір | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, психолог | Ата-аналармен кездесу |
| 9 | «Әкеге қарап ұл өсер» әкелермен сұхбат | 6-мамыр | тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кураторлар | Әскер қатарында болған әкелермен кездесу |

**Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие**

**Мақсаты:**

Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):

этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке;

мемлекеттік тілді және ана тілін меңгеруіне;

өз халқының мәдени мұрасына;

қазақ халқының және өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрпына;

Қазақстанның этномәдениетіне;

этносаралық бейбітшілік пен келісімге мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту.

Іске асыру механизмдері

Сабақтар, оқу пәндерінде, қосымша білім беруде, сабақтан тыс іс-әрекеттерте жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды кіріктіру

Этнопедагогика кабинеттерінің қызметі; «Мәңгілік Ел» жобасы аясында акциялар, ҚР Елтаңбасы, Туы мен Гимнін, мемлекеттік тілді, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, Қазақстан тарихын білу бойынша фестивальдер және байқаулар өткізу; өлкетану жұмыстары және т.б. арқылы жүзеге асырылады.

| № р/н | Іс-шаралар атауы | Орындау мерзімі | Жауапты | Жоспарланған нәтиже |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Қазақ халқының рухани- тұрмыстық мәдениетін зерделеу: мұражай, көрмелерге қатысу. | Жыл бойы | Кураторлар | Көрме ұйымдастыру |
| 2 | «Мемлекеттік тіл, мәдениет және әдет-ғұрып» | Жыл бойы | Кураторлар | Тіл туралы заңды насихаттау |
| 3 | «Рухани жаңғыру – елдің дамуы» | 20-қаңтар | Гуманитарлық бірлесітк | Әдеп мектебі |
| 4 | Ұлттық тәрбие отбасынан басталады | 12-мамыр | кураторлар | Әдептілік |
| 5 | Өлкетану мұражайына саяхат | Жыл бойы | кураторлар | |

**Төртінші бағыт - Отбасылық тәрбие**

**Мақсаты:**

Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):

этноәлеуметтік рөлдерге;

өз отбасына және ұрпақ жалғастыруға;

адамгершілік қағидаларын қолдау арқылы отбасы және неке құндылықтарына құрметпен, ұқыпты қарау.

Іске асыру механизмдері

Білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңестері және ата-аналар комитеті; Репродуктив денсаулық орталықтары, мамандар кеңесін және бірлескен отбасылық іс-шаралар өткізу; «Өзін-өзі тану» АРБ бағдарламасы аясында ата-аналарды оқыту, жасөспірімдер мен бойжеткендердің жүріс-тұрыс мәдениеті туралы жастармен әңгімелер жүргізу, жоғары сынып оқушылары мен ЖОО студенттері үшін «Отбасылық өмір этикасы» электив курсын кіргізу; ата-аналардың мектеп өміріне қатысуы; әкелер, әжелер клубтары; ақсақалдар алқасы; мемлекеттік тапсырыс бойынша ата-аналардың психологиялық-педагогикалық жаппай оқуы; мемлекеттік емес ұйымдармен ынтымақтастық; аула клубтарының жұмыстарын қалпына келтіру; балалар мен жастардың қосымша білім беру нысандарына ақысыз негізде қол жеткізуін ұйымдастыру; элективті курстар, фестивальдер, байқаулар, «Менің отбасым», «Жыл отбасы» жарыстары арқылы жүзеге асырылады.

| № р/н | Іс-шаралар атауы | Орындау мерзімі | Жауапты | Жоспарланған нәтиже |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Тәртіптің ең тамаша мектебі-отбасы | 6-қазан | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар | Құқықбұзушылықтың алдын-алу жиналысы ата-аналарменен |
| 2 | *Әкеден артық орман жоқ, әкеден артық қорған жоқ* | 13-қазан | Әлеуметтік педагог | Сұхбаттасу |
| 3 | Отбасы өміріндегі әдеп | 5-қараша | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, психолог | Әдеп мектебі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | *Ақ жүрек әке – күншуақ, ақ жүрек ана – ақбұлақ* | 21-қаңтар | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, психолог | Үлгілі отбасылармен кездесу |
| 5 | Отбасы тәрбиесі – барлық тәрбиенің негізі | 18-ақпан | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, психолог | Үлгілі отбасылармен кездесу |
| 6 | "Отбасы, неке, отбасындағы қыз баланың тәрбиесі" | 4-наурыз | Медбике тәрбиеісі жөніндегі орынбасар, психолог | Сұхбаттасу |
| 7 | «Ең бақытты отбасы» фотокөрме сайысы | 7-сәуір | Әлеуметтік педагог психолог | Көрме |

**Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалықжәне экологиялық тәрбие**

**Мақсаты:**

Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):

мемлекеттің экологиялық даму саласы бойынша саясатына, атап айтқанда «Жасыл экономика» бағдарламасына;

экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне;

«адам-қоғам-табиғат» жүйесіне;

табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы әр түрлі қызметке;

кәсіби білім мен өнімді еңбекке;

нарықтық экономика заңдарына құнтты және позитивті көзқарас қалыптастыру;

экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын сақтауға;

еңбек қызметінде мақсатқа қол жеткізуге;

мамандық таңдауына;

үздіксіз білім негізінде кәсіби жинақылыққа саналы қатынас таныту.

Іске асыру механизмдері

Сабақтар, оқу пәндері, қосымша білім беру, туған өлкеге жасаған экспедициялар, туристік жорықтар, сенбіліктер, мектепті, ауданды, қаланы көгалдандыру мен абаттандыру, жасыл желек отырғызу, «Жасыл ел» қозғалысы және «Өзін-өзі тану» АРБ бағдарламасы аясында волонтерлық қозғалыстар, экологиялық форумдар, ғылыми экологиялық жобалар, табиғат зоналарын қоқыстан тазартуға қатысу.

Технология сабақтарындағы еңбек тәрбиесі, қосымша білім беру, мектептен тыс, сабақтан тыс іс-әрекеттер; кәсіпорындарға саяхаттар, тәлімгерлермен, жаңашылдармен, табысты кәсіпқорлармен кездесулер, тәлімгерлік, дуальдық білім беру, кәсіби шеберлік байқаулары, студенттердің құрылыс және педагогикалық отрядтары; «Өмірді және мансапты жоспарлау», «Кәсіби сынамалар» жобаларын іске асыру; «Технология» пәнінің, оқу шеберханалары мен зертханалардың материалдық-техникалық базасын нығайтуарқылы жүзеге асырылады.

| № р/н | Іс-шаралар атауы | Орындау мерзімі | Жауапты | Жоспарланған нәтиже |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Адамды адам еткен — еңбек» | 21-қазан | Кураторлар, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар | Еңбек заңымен таныстыру |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | «Үздік жас маман» байқауы | 12-қараша | Әдіскер | Студенттер арасында байқау |
| 3 | Біз экономика жайлы не білеміз? | 3-желтоқсан | Кураторлар | Тәрбие сағаттары |
| 4 | «Ең үздік маман» | 16-ақпан | Кәсіби бірлестік жетекшісі | Студенттер арасында байқау |
| 5 | «Таза қала» акциясына қатысу | Жыл бойы | тәрбие ісі жөніндегі орынбасар | Сенбілік өткізу, еңбектенуге тәрбиелеу |
| 6 | Студенттерді сабақ , өндірістік тәжірибе кезіндегі техникалық қауіпсіздік ережелерімен таныстыру және өмір қауіпсіздігі жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру. | Жыл бойы | өндірістік оқыту шеберлері мен кураторлар | Еңбек қауіпсіздігі туралы сабақтар ұйымдастыру |
| 7 | Аудандық сенбіліктерге қатысуды ұйымдастыру | Жыл бойы | тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | Еңбекке баулу |
| 8 | Еліміздің табиғи байлығын үнемдеу және қорғау | 14-сәуір | Ғылыми-жаратылыстану бірлестігі | Сабақтар ұйымдастыру |

Алтыншы бағыт - Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

**Мақсаты:**

Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):

өмір бойы білім алуына;

өздігімен білім алуы және алған ақпаратты пайдалану біліктілігіне;

сыни тұрғыдан ойлау, талдау және алған ақпаратты тиімді пайдалану қабілетіне;

зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілеттілікті меңгеруіне;

пікірталас жүргізу дағдыларына;

жасампаз қызметке;

топтағы жұмысқа, корпоративтік рухты нығайтуға;

ақпарат көздерін сыни іріктеуге;

Интернет-қауымдастығына қосылу дәрежесіне;

Интернеттегі девиантты мінез-құлыққа қарсылық білдіру;

Интернет-сауаттылық қалыптастыруға;

ақпараттық қызметте және байланыс жасауда этикалық нормаларға;

жоғары ақпараттық мәдениет қалыптастыруға ұмтылу және қызығушылық білдіру.

Іске асыру механизмдері

Сабақтар, оқу пәндері, электив курстар, қызығушылығы бойынша үйірмелер және сабақтар, мектептік және желілік дебат турнирлері, балалармен және жастармен бірлескен жобалық жұмыстар; сабақтан тыс қызметтер, балалар мен жастар бірлестіктеріндегі қызмет, түрлі деңгейдегі бірге басқару органдарына қатысу, қосымша білім беру, жаратылыстануғылыми және гуманитарлық циклдары пәндерінің «Өзін-өзі тану» пәнімен кіріктіру, «Физика жүрек үнімен», «Математика рухани-адамгершіліксзаңдары туралы ғылым ретінде», «Тарихтың адамгершілік тағылымдары», «Ақпараттық мәдениет негіздері» және т.б. элективті курстар жүргізу. Зияткерлік ойындар, байқаулар, тренингтер, викториналар, олимпиадалар, ғылыми-практикалық конференциялар. Дарынды мамандармен және замандастарымен кездесулер, рефераттар, ғылыми-зерттеу, ғылыми-тақырыптық ақпараттық жобалар, шығармашылық жұмыстар, баяндамалар, мәлімдемелер, мектептік және студенттік медиа-орталықтар, бұқаралық ақпарат құралдары, сайттар,

кітапханаларды дәріптеу. Психометриялық және социометриялық тесттер мен әдістемелер; көшбасшылықты дамыту жөніндегі бағдарламалар және т.б. арқылы жүзеге асырылады.

| № р/н | Іс-шаралар атауы | Орындау мерзімі | Жауапты | Жоспарланған нәтиже |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Үйірмелер жұмысын ұйымдастыру, студенттерді тарту | 3-қыркүйек | Үйірме жетекшілері | Спортқа баулу |
| 2 | XXI ғасыр көшбасшысы | 7-қазан | ӘБ жетекшілері | Білімге деген қызығушылығын арттыру |
| 3 | Аудандық, облыстық сайыс, байқау, конференция, олимпиадаларға қатысуды ұйымдастыру | Жыл бойы | тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | Үнемі дайындалу |
| .4 | Ең үздік студент | Ай сайын | Әдіскер, ӘБ жетекшілері | Рейтинг |
| 5 | Жас суретшілер байқауы | 27-қаңтар | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар | Көрме |
| 6 | Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ | 19-ақпан | Гуманитарлық бірлестік | Сайыс ұйымдастыру |

*Жетінші бағыт - Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие*

**Мақсаты:** тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):
толеранттық және ғаламдық пікірге;
көпмәдениеттілік және көптілділікке;
мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын және өзге тілдерді білу;
мәдениетаралық әрекетке;
қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларына;
қарым-қатынас мәдениетіне;
эстетикалық мұраттарға, көркемөнер құндылықтарына;
шығармашылықпен ойлауға және қиялға, шығармашылық-эстетикалық қызметті қалыптастыруға қызығушылық, ұмтылыс таныту.

Іске асыру механизмдері

Сабақтар, жалпыадамзаттық құндылықтар бірлігін барлық мәдениеттен айқындауда «Өзін-өзі тану» АРБ бағдарламасын кіріктіру, жастарда мәдениеттер мен халықтардың алуан түрлі бірлігін көру біліктілігін дамыту. Үйірмелер, әдеби клубтар және т.б.; театрларға, мұражайларға, көркемсурет көрмелеріне, галереяларға, тарихи орындарға саяхаттар; шығармашылық кештер, оқушылар жұмысының көрмелері, байқаулар; белгілі тұлғалармен, өнер қайраткерлерімен және т.б.кездесулер; Қазақстан халқы Ассамблеясымен және этномәдени орталықтармен ынтымақтастық; білім беру ұйымдарында Қазақстан халқы Кіші Ассамблеяларын құру арқылы жүзеге асырылады.

| № р/н | Іс-шаралар атауы | Орындау мерзімі | Жауапты | Жоспарланған нәтиже |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 курс студенттерін колледждің ішкі тәртібімен, жарғысымен таныстыру. | 1-қыркүйек | Кураторлар | Ішкі ережелермен таныстыру |
| 2 | «Арайлы-Ақтөбем» саяхат | Жыл бойы | Әдіскер, Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | Өлкетану сабақтары |
| 3 | Сөйлеу мәдениетінің қоғамда алатын орны | Жыл бойы | Кураторлар | Әдептілік-ең жақсы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | байлық |
| 4 | Есепте тұрған студенттерді шараларға қатыстыруды ұйымдастыру | Жыл бойы | кураторлар | Топ жетекшілерінің жұмысы |
| 5 | «Бірлігі жарасқан – Тәуелсіз Қазақстан» | 4-Мамыр | Кураторлар, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар | Қазақстаң-көп ұлтты мемлекет |
| 6 | Аудандық мұражайға саяхат | Жыл бойы | кураторлар | Саяхат ұйымдастыру |
| 7 | Студенттерді үйірмелерге тарту | Жыл бойы | кураторлар | Шеберлік сабақтарын ұйымдастыру |

8. **Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты**

**Мақсаты:**

Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):

денсаулық жағдайының скринингіне;

әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерге;

теріс ықпалдарға қарсы тұрудың тиімді тәсілдерін меңгеруге;

табиғи қабілеттерді орынды пайдалануға;

денсаулық сақтауға және нығайтуға, қауіпсіз және жауапты мінез-құлыққа;

өмірдегі жаңа жағдайларға сабырлылыққа;

қауіпсіздік және өмір сүру әрекетін қамтамасыз етуге;

денсаулық сақтау ортасын құруға тілегі және даярлық білдіруі.

Іске асыру механизмдері

Сабақтар, дене тәрбиесі сабағы, оқу пәндері, қосымша білім беру, спорттық секциялар мен үйірмелер, «Өзін-өзі

алу және салауатты өмір салты негіздері бойынша ақпараттық-ағарту курстар, семинар-тренингтер; денсаулық фестивальдерін, спартакиадалар, қауіпсіздік бағдарларын өткізу; ақпараттық-диагностикалық материалдар дайындау және тарату; «сенім қызметтерін» ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

| № р/н | Іс-шаралар атауы | Орындау мерзімі | Жауапты | Жоспарланған нәтиже |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Денсаулық фестивалі-2019 аудандық іс-шараға қатысу | 4-қыркүйек | Кураторлар, Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | Салауатты өмір салтын насихаттау |
| | Үстел теннисінен топаралық жарыс | 25-қыркүйек | Үйірме жетекшілері | Колледж чемпионын анықтау |
| 2 | Топтар арасында футбол жарысы | 29-қыркүйек | Дене шынықтыру пәнінің оқытушылары | Колледж чемпионын анықтау |
| 3 | Некесіз жүктілік | | | |
| 4 | Халықаралық шылым шегуден бас тарту күні | 19- қараша | Медбике | Салауатты өмір салтын насихаттау |
| 5 | Халықаралық СПИД - ке қарсы күрес күні | 27-қараша | Медбике, Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | Тәрбие сағаттары |
| 6 | Нашақорлық-ғасыр дерті | 3-желтоқсан | Медбике, әлеуметтік педагог, психолог,Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар | Нашақорлықтың алдын алу іс-шаралары |
| 7 | «Зиянды заттарға жол жоқ!» | 4-желтоқсан | Салауатты өмір салты үйірмесі | Салауатты өмір салтын насихаттау |
| 8 | Қысқы спорттық ойындар | 19-қаңтар | Дене шынықтыру,АӘД пәнінің оқытушылары | Салауатты өмір салтын насихаттау |
| 9 | **Абайлаңыз! ЖРВИ мен тұмау!** | 12-ақпан | Медбике | Салауатты өмір салтын насихаттау |
| 10 | **Есірткісіз болашақ!** | 25-ақпан | кураторлар | Нашақорлықтың алдын |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | алу іс-шаралары |
| 11 | Бүкіләлемдік туберкулезбен күрес күні | 24- наурыз | Медбике | Тәні саудың-дені сау |
| 12 | Студенттердің аудандық, облыстық, республикалық жарыстарға қатысуын ұйымдастыру және қадағалау. | Жыл бойы | Тәрбие ісі өніндегі орынбасары | Іріктеулер |
| 13 | «Салауатты өмір салты» | Жыл бойы | медбике | Денсаулық сабақтарын ұйымдастыру |

Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.Ж.Каракулов

**Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету**

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің нормативтік негізін Қазақстан Республикасының келесі стратегиялық құжаттары құрайды:

– Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған. 2011. 02. 02. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

– «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IY Кодексі (2014. 17.11. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

– «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (2015.13.01. берілгенөзгертулер мен толықтыруларымен);

– «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II Заңы (2014.29.12. берілгенөзгертулер мен толықтыруларымен);

– «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республика-сының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы;

– Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»;

– Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»;

– Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол»;

– Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 жарлығымен бекітілген (2014. 12.08. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

– Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 жарлығымен бекітілген;

– Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы. Қазақстан РеспубликасыПрезидентінің
2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген;
«Барлық білім беру ұйымдарында оқытудың тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысы;

– «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 Қаулысымен мақұлданған;

– Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 521 Бұйрығымен бекітілген;

–«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 Бұйрығы.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері Адам құқықтарының жалпығабірдей декларациясын, Бала құқықтары туралы конвенцияны, Адамныңэкономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарының халықаралық декларациясын, Үздіксіз білім беру бойынша ЮНЕСКО ұсынымдарын ескереді.